Қазақстан Республикасы Конституциясының, сондай-ақ «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның нормаларының мазмұнынан заңнамада Парламентке және оның Палаталарына өзінің заңнамалық құзыретін кеңейтуіне мүмкіндік беретін тікелей немесе сілтемелік нормалардың қамтылмағандығы көрінеді.

Заңдарда заңнамалық қызмет саласына жататын өзге мәселелерді өз қарауына алуға қабілетті биліктің жоғары өкілді органының толық билікке иелігі туралы нормалар жоқ. Мұндай практика бірқатар парламенттік елдерде (Ұлыбритания, Испания, Жапония және басқа) қолданылады, оларда парламенттер, оның ішінде заңнамалық реттеу саласында кең өкілеттікке ие.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағында белгіленген мәселелердің тізбесі түпкілікті болып табылады және кеңейтілген түсініктеме беруге жатпайды.

Мұндай тәсіл Конституциялық Кеңестің «Парламент пен оның Палаталарының өкілеттіктерін белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 53 – 57-баптарын ресми түсіндіру туралы» 1997 жылғы 17 қазандағы №17/2 Нормативтік қаулысында[3] да қолданылған.

Бұл жағдайда Парламенттің өкілеттіктерін кеңейту, сондай-ақ Республика заңдарын, оның ішінде Конституциялық заңдарды түсіндіру бойынша функцияларды Парламентке беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы мәселе туындауы мүмкін. Конституциялық Кеңес өзінің шешімінде былай деп белгіледі, «Қазақстан Республикасының Конституциясы Парламент өкілеттіктерінің түпкілікті тізбесін белгілейді және Парламент өкілеттіктерінің көлемін әдеттегі немесе конституциялық заңды қабылдау арқылы өзгертуді қарастырмайды. Парламенттің өкілеттіктерін кеңейту немесе тарылту рәсімдері Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен Республиканың Негізгі заңына өзгерістер, толықтырулар немесе түзетулер енгізу арқылы ғана мүмкін болады».

Конституциялық Кеңестің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1 және 2-тармақтарын, 24-бабының 2-тармағын, 77-бабының 3-тармағының 5) тармақшасын ресми түсіндіру туралы» 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 басқа қаулысында[4] Конституцияның 61-бабының 3-тармағына сәйкес Парламент қалыптасқан мән-жайларды және мақсатқа сай жағдайды негізге ала отырып, жаңа заң нормаларын белгілеу, оның ішінде үнемі өзгеріп тұратын және серпінді қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу кемшіліктерін жою құқығына ие болатындығы түсіндірілген.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «54-бабын, 61-баптың 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеттік басқару органдарының мәселелері жөніндегі бірқатар басқа да нормаларын ресми түсіндіру» туралы 2008 жылғы 15 қа-

---

[3] *«Парламенттің және оның Палаталарының өкілеттігін белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-57 баптарын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 15 қазандағы N 17/2 қаулысы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S970000017_/info*

[4] *«Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 1 және 2-тармақтарына, 24-бабының 2-тармағына, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі 1999 жылғы 10 наурыз N 2/2 қаулысы//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000002_/links*

зандағы № 8 Нормативтік қаулысына[5] сәйкес Конституциялық Кеңес мынадай түсіндірме берді, ең алдымен, Конституция кіріспесінің идеялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясы қызметінің негізге алынатын қағидаттарын заң шығару қызметінің негізге алынатын қағидаттары деп есептеу қажет (қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, экономиканы бүкіл халықтың игілігі жолында дамыту; қазақстандық патриотизм; республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беруді қоса алғанда, мемлекет өміріндегі неғұрлым маңызды мәселелерді мемлекеттік, демократиялық әдістермен шешу).

Парламенттің заң шығару қызметінде сондай-ақ Қазақстанды адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары құндылығы болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекіту туралы нормалар; президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет туралы; халықтық және мемлекеттік егемендік қатынастар туралы; мемлекеттік билігінің бірлігі және оны билік тармақтарына бөлу туралы; қолданыстағы құқық туралы; мемлекеттік органдар жүйесін құру қағидаттары, мемлекеттік органдар түрлері, оларды қалыптастыру тәртібі, мемлекеттік органдардың функциялары, өкілеттіктері, олар шығаратын (қабылдайтын) актілер, өзара қатынастар және қатар бағыну негіздері де Конституцияның негізге алынатын ережелері болып табылады [1].

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «54-бапты, 61-баптың 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеттік басқару органдарының мәселелері жөніндегі бірқатар басқа да нормаларын ресми түсіндіру туралы» 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 Нормативтік қаулысын түсіндіру туралы» 2013 жылғы 16 мамырдағы № 2 қосымша қаулысында Конституциялық Кеңес мынаны нақтылады, Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында белгіленген «мемлекеттік органдарды ұйымдастыру және олардың қызметінің негіздері» деп құқықтық мәртебесінің (басқару салаларының, миссияларының, негізгі міндеттерінің, функциялары мен өкілеттіктерінің) мазмұнына, мемлекеттік органдарда құру, тарату, қайта ұйымдастыру және қызметін ұйымдастыру тәртібіне деген негізгі көзқарастарды айқындайтын негізге алынатын қағидаттар мен нормаларды түсіну қажет[6].

Заңдарда мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізін құрайтын функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ Конституцияның 61-бабының 3-тармағында көрсетілген іске асырылуы аса маңызды қоғамдық қатынастарды қозғайтын функциялары белгіленеді. Оның ішінде бұлардың жеке және заңды тұлғалардың құқықтық субъектілігі мәселелеріне, құқықтық шектеу сипатындағы шараларға, сондай-ақ жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асырудың құқықтық, бақылау-қадағалау функцияларын және рұқсат беру тәртібін белгілеуді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың мемлекеттік емес ұйымдармен және жеке тұлғалармен өзара қатынастарына қатысы бар.

Жүзеге асырылуы Конституцияның 61-бабының 3-тармағында санамаланған қоғамдық қатынастарды қозғамайтын функциялар заңнан туындайтын актілер деңгейінде белгіленеді. Бұл заңда бекітілген функцияларды іске асыру тетігін айқындауға, мемлекеттік органдардың ішкі ұйымдастырылуы мен қызметіне, техникалық және технологиялық нормаларды қабылдауға (шығаруға) қатысты болуы мүмкін.

Сонымен бірге, Парламенттің заң шығару функцияларын іске асыру мәселелері «аса маңызды қоғамдық қатынастар» деген тұжырымдаманың екіұштылығы салдарынан неғұрлым даулы күйінде қалуда және қосымша ресми түсіндіруді қажет етеді.

Біріншіден, заңнамалық реттеу саласы 61-баптың 3-тармағында көрсетілгендей нақты шектелген, онда Парламенттің аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негізге алынатын қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заңдарды шығаруға құқылылығы жөніндегі мәселелер санамаланғанын көріп отырмыз.

Бір жағынан, оңтайлы парламентаризм тұжырымдамасы заңнамалық реттеу саласын кеңейтуге жол бермейді, екінші жағынан, аса маңызды қоғамдық қатынастарды заңға тәуелді сипаттағы актілермен реттеу есебінен оны тарылту шегіне де жол беруге болмайды, мұның өзі атқарушы биліктің қоғамдық қатынастардың аса маңызды салаларының үстінен жарлықтық құқықтың өсуіне және жаппай бақылауды белгілеуіне әкеп соғуы мүмкін.

---

*[5] Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 15 қазандағы N 8 Нормативтік Қаулысы.//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S080000008_/links*

*[6] «Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 Нормативтік қаулысына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2013 жылғы 16 мамырдағы № 2 қосымша қаулысы//https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31398059*

Аса маңызды қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеу қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің құрамдас бөлігі және әкімшілік басқару еркіндігінің кепілі болып табылады. Сондықтан Конституцияның 61-бабы 3-тармағы Парламент пен оның Палаталарының құзыретіне жататын мәселелердің аса маңызды тізбесін белгілейді.

Алайда, заңнамалық практика көрсеткендей, бұл тізбе «аса маңызды қоғамдық қатынастар» саласына жататын заңнамалық реттеудің өзге де салаларын қамтымайды. Мысалы, ғылым, ғылыми-техникалық прогресс, мәдениет, кеден, азаматтардың қауіпсіздігі саласы және т.б. қоғамдық қатынастардың аса маңызды салаларына жататыны сөзсіз, алайда Конституцияда бұл салаларға сілтеме жоқ. Оларды қабылдау конституциялық алаңнан тыс жататын болып шығады. Л. Т. Жанұзақованың пікірінше, Парламенттің заңнамалық реттеу саласына жататын қоғамдық қатынастар тізбесінің шеңберін кеңейту немесе мұндай тізбені мүлдем орнатпау керек [2, 92б.].

Мысалы, Парламент өзіне «жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне» қатысты заңдарды қабылдауға мүмкіндік беретін Конституцияның нормасына сүйене отырып, осы норманы кеңінен түсіндіріп, Парламенттің заңнамалық құзыретін кеңейтуге құқылы.

Құқық субъектілік әрбір құқық субъектісінің айрықша заңдық қасиеті ретінде, атап айтқанда – заң шығарушы таныған нақты субъективті құқықтарға ие болуға және нақты субъективті міндеттерді атқаруға жалпы қабілет, мәселелердің кең ауқымын қамтиды.

Осыған байланысты Конституцияның 61-бабы 3-тармағының нормасы заң шығару функциясы шеңберінде кеңейтілуі мүмкін заңнамалық реттеудің шартты шекараларын (шектерін) айқындайды деп пайымдаймыз. Сонымен қатар, норма құқықтық жүйенің серпінділігіне байланысты барлық маңызды қоғамдық қатынастарды қамти алмайды, көрсете алмайды және реттей алмайды. Бірақ заңнамалық реттеудің өзге де мәселелерін Конституция нормаларымен жүйелі байланыста қарау Парламентке және оның Палаталарына өзінің заң шығару функциясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, заңнамада «аса маңызды қоғамдық қатынастарға» ненің жататынына қатысты түсіндірулердің болмауы Парламент пен оның Палаталарының құзыреті проблемасын өзектендіреді. Бұл санат «Құқықтық актілер туралы» Заңда нақты ресми түсіндіруді және одан әрі заңнамалық айқындауды қажет етеді.

Біздің ойымызша, Конституцияның 61-бабы 3-тармағында санамаланған қатынастардан басқа, аса маңызды қоғамдық қатынастарға ұлттық қауіпсіздік пен оның құрамдас бөліктерінің мүдделерін, сыртқы саясатты, халықаралық саланы қозғайтын қатынастарды, ал көпұлтты факторды ескере отырып, ұлттық, конфессиялық және өзге де қатынастарды да жатқызу қажет.

Проблеманың маңыздылығын ескере отырып, «аса маңызды қоғамдық қатынастар» саласы нақтылануы және заңнамалық деңгейде айқындалуы тиіс. Заңнамалық реттеу саласына Конституцияның 61-бабының 3-тармағында санамаланған, заңнамалық реттеудің нысанасын айқындайтын барлық қатынастар, сондай-ақ осындай реттеуді қажет ететін қатынастар да кіруі тиіс.

Практика көрсеткендей, заңнамалық реттеу нысанасы құқықтық ықпал етудің және қазақстандық қоғамның тіршілік әрекетінің құқықтық негіздерін қалыптастырудың маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Осылайша, Конституцияның 61-бабы 3-тармағында санамаланған жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігі, меншік режимі мен өзге де мүліктік құқықтар, сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелерін реттейтін қоғамдық қатынастар, сөзсіз, аса маңызды қоғамдық қатынастар саласына жатады, әділ және жария талқылауға азаматтық құқық субъектілік жеке адамның аса маңызды құқығын қозғайтындықтан, оны қорғауға тек әділ және бейтарап сот төрелігі шеңберінде ғана кепілдік берілуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген құқық Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында да бекітілген, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында кепілдік берілген, онда: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» деп көрсетілген. Қазақстанда заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен болмаса, ешкім де құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігімен шектелмейді.

Заңнамалық реттеу нысанасы өз мазмұны бойынша Конституцияның 61-бабы 3-тармағында санамаланған мәселелердің шеңберінен едәуір кең, өйткені аса маңызды қоғамдық қатынастар саласына жататын мәселелердің ауқымды шеңберін қамтиды.

Басқа мәселе Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағынан туындайтын және барлық ықтимал қоғамдық қатынастар, оның ішінде өзге де әлеуметтік және техникалық реттеуіштердің (мораль, ұлттық, іскерлік және кәсіби дәстүрлер мен

әдет-ғұрыптар, дін, стандарттар, техникалық регламенттер және т.б.) нысанасы болып табылатын қатынастар құқықтық реттелуге жатады ма.

Мораль мәселелері ар мен намыс сияқты бағалау ұғымдарымен, әділдік пен мейірімділік түсінігімен байланысты түрлі этикалық субъективті ұстанымдармен, сондай-ақ басқа да осыған ұқсас әлеуметтік феномендермен сабақтасады деп пайымдаймыз. Әдет-ғұрып – бұл белгілі бір қоғамдық ортада қалыптасқан және олардың бірнеше рет қайталануы нәтижесінде адамдардың әдетіне енген, олардың табиғи өмірлік қажеттілігіне айналған, ерікті түрде орындалатын мінез-құлық қағидалары [3, 195б.]. Әдет-ғұрыптардың бір түрі ретінде қалыптасқан дәстүр қоғам үшін пайдалы, белгілі бір идеяларды, құндылықтарды, әлеуметтік ұстанымдарды білдіретін, ұрпақтан ұрпаққа берілетін адамдардың, әлеуметтік топтардың мінез-құлқының қалыптасқан тәсілдері болып табылады. Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер олардың қолданылу аясына, өмір салтына, оларды пайдалану субъектісіне (тасымалдаушыға) және басқа да факторларға байланысты ұлттық, кәсіби, іскерлік (іскерлік айналым әдет-ғұрыптары) болуы мүмкін. Діни нормалар діндар адамдардың Құдайға, шіркеуге, бір-біріне қарым-қатынасын, діни ұйымдардың ұйымдастырылуы мен функцияларын реттейді.

Қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық пен басқа да әлеуметтік нормалар, олардың өзара байланысына қарамастан, оларды белгілеу және қалыптастыру тәсілдері, қамтамасыз ету әдістері, білдіру және бекіту нысаны, оларды бұзғаны үшін жауапкершілікке алудың сипаты мен тәртібі, іс-әрекет салалары жағынан ерекшеленеді, мораль, әдет-ғұрыптар, дін шекаралары заңдағыдан, құқықтан кеңірек. Құқықтық реттеуге бағынбайтын салалар (мысалы, махаббат, достық) бар. Сондай-ақ олардың бағалау санаттары әртүрлі. Конституцияның 61-бабының 3-тармағында белгіленген қатынастар аясы тек құқықтық ғана емес, сондай-ақ басқа да әлеуметтік нормалармен де, өзінің бағалау санаттарын негізге ала отырып реттелуі мүмкін.

Сондай-ақ құқық нормалары да, өз кезегінде, басқа да әлеуметтік реттеуіштерге қатысты мәселелерді реттей алады. Мысалы, отбасындағы қарым-қатынастар, балаларды тәрбиелеу мәселелерін – әдетте адам өзінің жұбайымен (зайыбымен), балаларымен қарым-қатынасын қалай құру керектігін, оларды қалай тәрбиелеу керектігін және т.б. өзі анықтайды. Бірақ егер отбасында зорлық-зомбылық болса, әйел мен балалардың құқықтарын отбасы басшысы бұзса не ата-аналар баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және оған қамқорлық жасау міндетінен шеттесе, онда бұл салаға мемлекет кіріседі, заң нормаларын пайдалана отырып, осындай іс-әрекеттердің жолын кеседі, кінәліні жазалайды және т.б.

Құқықта бекітілген мораль, әдет-ғұрыптар нормалары нормативтік құқықтық сипатқа ие болады, олардың сақталмағаны үшін заңды жауапкершілік туындайды. Мысалы, депутат Парламент Регламентінде бекітілген депутаттық этика қағидаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Техникалық нормаларға келетін болсақ, олар адамдардың табиғат заттарымен, жануарлармен, еңбек құралдарымен, түрлі техникалық құралдармен барынша дұрыс жұмыс істеу қағидаларын білдіреді: құрылыс жұмыстарын орындау қағидаларын, машиналар мен тетіктерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды, шикізат, отын, электр энергиясын жұмсау нормаларын білдіреді. Бұл «адам және машина», «адам және еңбек құралы» сияқты қатынастар, осыған байланысты олар таза әлеуметтік емес, былайша айтқанда, «жартылай әлеуметтік» сипатқа ие [3, 197б.].

Қоғам үшін аса маңызды техникалық нормалар құқықтық нысанда болады. Оларды техникалық-құқықтық деп атауға болады. Бұл - негізінен материалдық-өндірістік және басқару саласында қолданылатын нормалар (өртке қарсы қауіпсіздік, көлікті пайдалану, құрылыс жұмыстары, қарумен жұмыс істеу және т.б. қағидалар). Бұл нормаларды сақтамау заңды жауапкершілікке әкеп соғады. Техникалық регламент өнімге және (немесе) олардың өмірлік кезеңі процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес әзірленетін және қолданылатын нормативтік құқықтық актінің бір түрі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағында көрсетілген аса маңызды қоғамдық қатынастардың тізбесі толық емес деп атап өттік. Реттеу саласына заңмен өзге де әлеуметтік және техникалық реттеуіштердің (мораль, ұлттық, іскерлік және кәсіби дәстүрлер мен дет-ғұрыптар, дін, стандарттар, техникалық регламенттер және т.б.) нысанасы болып табылатын басқа да мәселелер жатқызылуы мүмкін. Заңдар «аса маңызды» қоғамдық қатынастарды реттейтіндіктен экономикалық, саяси, әлеуметтік мәдени және басқа да қатынастарды заңнамалық реттеу қажеттілігін анықтау және дұрыс бағалау керек.

Сонымен қатар, ҚР Конституциясында көрсетілген «маңызды қоғамдық қатынастар», «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қолданылатын «біртектес маңызды қоғамдық қатынастарға» және «өзінің сипаты бойынша кешенді қоғамдық қатынастарға» жатады ма?

Заң ең маңызды қоғамдық қатынастарды

реттейтін нормативтік құқықтық актілер түрлерінің бірі ретінде Конституцияда көзделген негіз қалаушы қағидаттар мен нормаларды белгілейді, өз кезегінде, өзінің сипаты мен заңдық күші бойынша ерекшеленетін түрлерге бөлінеді.

Заң түрлерінің бірі кодекс – «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көзделген біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары біріктірілген және жүйелендірілген заң болып табылады. 8-бап осындай біртектес маңызды қоғамдық қатынастарға: бюджеттік; азаматтық; азаматтық процестік, неке-отбасы; салық және т.б. жататынын белгілейді. Мұндай «біртектес қоғамдық қатынастардың» барлығы дербес сала ретінде бөлінбесе де, бірақ сол немесе өзге дәрежеде олар жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігі, азаматтық құқықтары мен бостандықтары, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігі мәселелерімен қамтылса да не мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік және әскери қызметті ұйымдастыру мен қызметінің негіздері мәселелерімен байланысты болады.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында көзделген салаларда (облыстарда) аталған қатынастар өзінің сипаты бойынша кешенді қоғамдық қатынастар болып табылады. Оларға: мемлекеттік мүлік; жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару; білім және ғылым; азаматтық қорғау; тұрғын үй қатынастары; қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау; көлік және т.б. салалар жатады. Әңгіме өмір сүрудің түрлі салаларындағы, бірақ тығыз өзара байланысты және жиі тоғысатын қарым-қатынастар туралы болып отыр. Олар шоғырландырылған заңмен реттеледі.

Мысалы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы[7] жергілікті басқару саласындағы қатынастарды реттейді, бұл бюджет пен қаржы, кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және т.б. мәселелер. Осы мәселелердің барлығы жергілікті халықтың мүдделерін қандай да бір дәрежеде қозғайды.

Әрине, осы барлық «біртектес» және «кешенді» қатынастар да «аса маңызды» болып табылады және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағымен қамтылады. Бұл жайлы жоғарыда Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенттің өкілеттіліктерінде атап өттік.

Мысалы, егер заттық құқықтар саласында «біртектес маңызды қоғамдық қатынастар» алынса, онда бұл қатынастар 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттеледі. Қатынастардың бұл түрі «меншік және өзге де заттық құқықтар режимі» Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында баяндалған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «аса маңызды қоғамдық қатынастар» өзінің сипаты бойынша кешенді болып табылады, өйткені қоғамдық қатынастардың тек бір ғана түрін қамтумен шектелмейді.

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 5) тармақшасына сәйкес заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге анықтама берілген.

Осыған байланысты, барлық заңға тәуелді актілер Конституция мен заңдар негізінде қабылдануға және оларға қайшы келмеуге тиіс. Осыған байланысты Президент жарлықтары заң нормаларын кеңейте немесе толықтыра алмайды, сондықтан заңға тәуелді актілердің мақсаты заң нормаларын іске асыруды қамтамасыз ету және құқықтың жаңа нормаларын жасамау болып табылады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабы 1-тармағының 1) тармақшасынан Парламенттің Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Шынында да, бұл норманы тура түсіндіру Заң шығарушы ғана «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы дегенді білдіреді.

Сонымен қатар, заң шығарушы төтенше жағдай кезінде шұғыл және жедел шаралар қабылдауды талап ететін бюджеттік құқықтық қатынастардың барлық салаларын «болжай алмайтынын» және толық көлемде реттей алмайтынын ескере отырып, бұл шара Парламент палаталарының заңнамалық өкілеттіктерін шектеу құралы емес, объективті қажеттілігі болып табылады.

Оның үстіне, «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығының 2-тармағының 1) тармақшасын-

[7] *«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_*

да мынадай редакцияны қамтиды: 2. Қазақстан Республикасының Үкіметі: 1) бір ай мерзімде заңнамалық актілерге осы Жарлықты іске асыруға, оның ішінде қажет болған кезде өзге де функцияларды қайта бөлуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін[8];

Жоғарыда келтірілген заңды фактілерден шығатыны, белгілі бір жағдайларда жарлықтар заңдарға қайшы келмейді, бірақ оның ережелерін жүзеге асыруға ықпал етеді және бюджетті тиімді реттеудің құқықтық тетігі ретінде әрекет етеді.

Төтенше және соғыс жағдайында Президенттің Жарлықтарымен заңдардың мазмұнын толықтыратын, нақтылайтын (егжей-тегжейлі) заңдарды іске асырудың белгілі бір тәсілдері болатын өзге де функциялар жүзеге асырылуы мүмкін деп пайымдаймыз.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 16-тармақшасынан келіп шығатыны, республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады.

Ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ төтенше жағдай шартында проблемаларды жедел шешу қажеттігін айқындайтын Мемлекет басшысының ерекше конституциялық мәртебесі заңнама саласына бір рет шұғыл кіруге жол береді. Мұндай тәжірибе әбден заңды (жол беріледі), өзінің құқықтық табиғаты бойынша заңды және Конституция нормаларын бұзу ретінде қарастырылмауға тиіс.

Президенттің «озық норма шығармашылық» құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабының 1-тармағынан қисынды туындайды, оған сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Конституцияның 40-бабының 2-тармағынан Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

Қазақстан Республикасының Президенті бұл жағдайда Заңның қолданылуын жоймайды, өйткені ол мұндай құқыққа ие емес, бірақ Конституцияның кепілі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мүддесінде бюджет қаражатын неғұрлым тиімді бөлуге бағытталғаны қажетті, оның ішінде норма шығармашылық сипаттағы шаралар қабылдау құқығы болады. Болжанатын, яғни Президенттің норма шығармашылығы саласындағы Конституцияда көзделмеген өкілеттіктерінің болуы Қазақстан Республикасы Президенті антының мәтінінен де туындайды.

Бұл Мемлекет басшысына жоғары лауазымды тұлға ретінде тән және саяси тәжірибенің қажеттіліктеріне негізделген.

Сондықтан заңнамалық олқылықтарды заңға тәуелді актімен толықтыру, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық орындылыққа және тиісті заңнамалық реттеудің болмауына байланысты.

Парламент кез келген жағдайда республикалық бюджеттің атқарылуы саласындағы бақылау функцияларын сақтайды, өйткені Конституцияның 53-бабының 2) тармақшасына сәйкес Парламент Палаталардың бірлескен отырысында Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 2-тармағына сәйкес бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, «Төтенше жағдай туралы» және «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына мынадай норманы көздей отырып, толықтыруларға бастамашылық жасау қажеттілігі ұсынылады: «адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасының Президенті төтенше немесе соғыс жағдайындағы Қазақстан Республикасы заңнамасындағы олқылықтарды жою мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталарын заңнамалық бекіту құқығын сақтай отырып, заң актілерін қабылдауға құқылы».

[8] *«Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000286*

Қорытылай келе, аса маңызды қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеу қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің құрамдас бөлігі және әкімшілік басқару еркіндігінің кепілі болып табылады. Сондықтан Конституцияның 61-бабы 3-тармағы Парламент пен оның Палаталарының құзыретіне жататын мәселелердің аса маңызды тізбесін белгілейді.

Алайда, заңнамалық практика көрсеткендей, бұл тізбе «аса маңызды қоғамдық қатынастар» саласына жататын заңнамалық реттеудің өзге де салаларын қамтымайды. Осыған байланысты Конституцияның 61-бабы

3-тармағының нормасы заң шығару функциясы шеңберінде кеңейтілуі мүмкін заңнамалық реттеудің шартты шектерін айқындайды. Сонымен қатар, норма құқықтық жүйенің серпінділігіне байланысты барлық маңызды қоғамдық қатынастарды қамти алмайды, көрсете алмайды және реттей алмайды. Бірақ заңнамалық реттеудің өзге де мәселелерін Конституция нормаларымен жүйелі байланыста қарау Парламентке және оның Палаталарына өзінің заң шығару функциясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, заңнамада «аса маңызды қоғамдық қатынастарға» ненің жататынына қатысты түсіндірулердің болмауы Парламент пен оның Палаталарының құзыреті проблемасын өзектендіреді. Бұл санат Заңда нақты ресми түсіндіруді және одан әрі заңнамалық айқындауды қажет етеді деп пайымдаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий. – Алматы: Раритет, 2015. – 536 с.*

2. *Жанузакова Л.Т. Проблемы разграничения функций и полномочий органов власти в Республике Казахстан в рамках реализации принципа разделения власти // Актуальные проблемы современной науки. Мат. МНПК, посв.75-лет. д.ю.н., профессора Жалаири О.Ш. и 25-летию Евразийской юридической академии имени Д.А. Кунаева. – Алматы, 2017. – С.90-96*

3. *Хропанюк В.Н. Теория государства и права. - М., 2008. – 384 с.*

## REFERENCES

1. *Konstitucija Respubliki Kazahstan. Nauchno-prakticheskij kommentarij. – Almaty: Raritet, 2015. – 536 s.*

2. *Zhanuzakova L.T. Problemy razgranichenija funkcij i polnomochij organov vlasti v Respublike Kazahstan v ramkah realizacii principa razdelenija vlasti // Aktual'nye problemy sovremennoj nauki. Mat. MNPK, posv.75-let. d.ju.n., professora Zhalairi O.Sh. i 25-letiju Evrazijskoj juridicheskoj akademii imeni D.A. Kunaeva. – Almaty, 2017. – S. 90-96*

3. *Hropanjuk V.N. Teorija gosudarstva i prava. - M., 2008. – 384 s.*